

**Мәртөк ауданы Қазан ауылы «Қазан жалпы негізгі білім беретін мектебі»
КММ 2023-2024 оқу жылына арналған 8 «Ә» сыныптың ата-аналар
жиналысы бойынша жылдық талдау есебі**

Ағымдағы оқу жылында ата аналармен жұмыс жүргізу жоспарыма сай айына бір рет ата-аналармен жүздесіп тұру жоспарланған. Қыркүйек айындағы тақырыбымыз «Отбасының бала тәрбиесіндегі рөлі» Бұл жиында қаралған мәселелер өткен оқу жылына талдау және мектепке жол акциясын ұйымдастыру. Тақырыпқа сай баяндама оқылды. Интернетпен гаджеттермен үйде көп қолданбау туралы ережелермен таныстырылды. Қазан айында «Ата-ананың құқықтық сауаттылығы» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылып өткізілді. Қараша айында «Ата-ана және мектеп» тренингі ұйымдастырылып тәрбие процестері туралы мәселелер қаралды. Желтоқсан айында «Отбасы тәрбие бастау» атты баяндама оқылып бірінші жартыжылдық қорытындысы туралы баяндалып алдағы жарты жылдыққа жоспарлар қойылды. Қаңтар айында «Бала-болашақ» тақырыбында тренинг өткізіліп балалардың жетістіктері туралы ата аналарға жеткізілді. Ақпан айында «Бала тәрбиесі» туралы баяндама оқылып сауалнамалар алынды. Наурыз айында «Қиын бала қайдан шығады?» атты тренингі ұйымдастырылып психологиялық кеңестер берілді. Сәуір айында «Отбасындағы тәрбиенің ерекшелігі» атты тақырыпта дөңгелек үстел ұйымдастырылып ашық еркін сұхбат жүргізілді. Мамыр айында тоқсанның және жылдық қорытындыдары баяндалып, жаңа оқу жылына ұсыныстар қабылданып сын пікірлер тыңдалып оқу жылы қорытындыланды.

Сынып жетекшісі:



Мапырлиева А